ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 06 қаңтар №2301-22-00-2/2450 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Мақат аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Таир" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Айжариков
Жауапкер өкілі Н.П.Алыбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылғы 20 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №19 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Атырау облысы, Макат ауданы, Доссор кенті вокзалы перронын күрделі жөндеу» құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы –115 294 612 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 айдың ішінде.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен құрылыс-монтаждау жұмыстар мүлдем орындалмағанын, қызметтер көрсетілмегенін, казіргі таңда шарт бір жақты бұзылғанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға жауапкермен қарсы пікір ұсынылды.

Сот отырысына жауапкер өкілі қарсы пікірдің уәждерін қолдап, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған.

Сот, жауапкердің құрылыс жұмыстарына негізгі 90% қаржы 2023 жылға қарастырылғандықтан, жұмыстарды бастауға мүмкіндік болмағандығын, ал құрылыс жұмыстарын бастау туралы хабарламаға сәйкес жұмысты аяқтау уақыты 19.11.2022 жыл деп көрсетілгендігін, сонымен қатар жобаның сметасы 2019 жылғы бағамен жасалғандықтан, қазіргі 2022 жылдың 2-ші квартал бағасымен есептеу қажет болғандығын, себебі баға 100 пайызға қымбаттап кеткенін, сондықтан жобаны 2022 жылғы бағамен есептеп, жобаны түзетуге жіберу ойлары болғанын, сол себептермен жұмыстар уақытында басталмай, міндеттеме тиісті түрде орындалмады деген уәждерін негізсіз деп санайды, өйткені мемлекеттік сатып алуға қатысқанда, шарт жасасқан кезде жауапкер жобалық сметаның, қаржыландыру мәселелерімен және жобаның мерзімдерімен хабардар болғандарын, аталған жағдайлар мемлекеттік сатып алу шартының тиісті орындалмауына дәлелдеме болып табылмайтынын анықтады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі соттан 2022 жылдың 20 маусымда жасақталған №19 шартты бұзу туралы талабын, шарт біржақты бұзылуына байланысты қараусыз қалдыруды сұрады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 532 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 14.01.2023

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Мақат аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Таир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Таир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Таир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 532 (бір мың бес жүз отыз екі) теңге өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 14.01.2023

2301-22-3-1/2923